

"Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering)" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 қыркүйектегі № 1031 қаулысы

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. «Қазақстан инжиниринг» (Kazakhstan Engineering)» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетінің саны 9375000 (тоғыз миллион үш жүз жетпіс бес мың) дана жай акциялары «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының орналастырылатын акцияларын төлеуге берілісін.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген іс-шаралар аяқталғаннан кейін «Қазақстан инжиниринг» (Kazakhstan Engineering)» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы акциялары пакетінің саны 9375000 (тоғыз миллион үш жүз жетпіс бес мың) дана жай акциялары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне сенімгерлік басқаруға берілісін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, Қорғаныс министрлігі, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру үшін қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі	К. Мәсімов
---	------------